



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№1-2 (857-858) Сәрсенбі 3-10 қаңтар 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

«Егемен Қазақстан» басылымында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың көлемді сұхбаты жарияланды. Мемлекет басшысы елдің ішкі-сыртқы саясатынан тартып, атқарылып жатқан ауқымды әлеуметтік-саяси және экономикалық реформалар жайындағы, сондай-ақ, қоғамда түйіні тарқатылмай келе жатқан түйткілді сурақтарға да жауап берді. Қазіргі кезең еліміз ғана емес, тұтас әлем үшін бетбұрысты кезең. Бұндай тұста мемлекет пен қоғам арасында берік сенім мен терең түсініктің орнығуы аса маңызды. Бұл тұрғыдан қарағанда, Президенттің кезекті сұхбаты ел азаматтарының саяси өміріне, қоғамдағы өзара сенім мен тұрақтылыққа тигізетін оң әсері зор деуге болады. Сондықтан аталмыш әңгіменің астары терең, салмағы басым, аса маңызды мәнге ие.

Ерлан ҚАРИН,  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кеңесшісі:

## ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин өзінің Telegram парақшасында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған сұхбаты жайлы пікір білдіріп, жазба қалдырды. Кеңесші тұрғырындағандай, Мемлекет басшысының «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған сұхбатының форматы әңгімелесу сипатында болғанымен, көлемі мен мазмұны тұрғысынан алғанда бағдарламалық мақала деуге әбден болады. Өйткені, сұхбат қойылған сурақ пен берілген жауаптың көптігімен ғана емес, қоғамда қызу талқыланып жатқан көкейтесті мәселелерді тұтастай қамтығанымен ерекшеленіп тұр. Солайша Президент мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша күн тәртібін айқындап, бағдарын нақтылап берді.

«Біз үшін Президенттің ішкі саясат және идеология саласына қатысты айтқан ой-пікірі мен белгілеген басымдықтары аса маңызды. Мемлекет басшысы бірқатар бастама мен жобаның жай-жапсарын жеткізіп, аңдатпа жасалды.

- Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысы өтеді;
- Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатаңдату қолға алынады;
- 2024 жылы өтетін айтулы іс-шаралар мен басқа да атаулы күндердің бет-бейнесін белгіледі. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тақырыпқа шығарылған «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!» деген сөзі барлық идеяның өзегі. Жалпы алғанда, бұл сөз Президент жүргізіп отырған идеологиялық бағыттың шағын формуласы. Бұл сөз қоғамды жасампаздыққа жетелейді: өткен күннен өмір сүрмей, болашаққа нық кадам басуға үндеп, халықты бөлетін емес, біріктіретін жалпымұрттық құндылықтарды басшылыққа алуға шақырады», – деп жазды Мемлекеттік кеңесші.

(Дереккөз: [web.telegram.org/k/](http://web.telegram.org/k/)).



## РАМАЗАН АЙЫ – БЕРЕКЕ АЙЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2024 жылғы діни күндер кестесін бекітті.

Шариғат және пәтуа бөлімі бекіткен күнтізбеге сәйкес, Рамазан айы 11 наурызда басталады. Қадір түні 5 сәуірден 6 сәуірге қараған түнге түсіп тұр. Ораза айт – 10 сәуір.

Ал Құрбан айттың бірінші күні 17 маусымға келеді. Мұғтият діни мерекелердің нақты күндері жана айдың көрінуіне байланысты көрсетілген уақыттан бір күн шегерілуі немесе алға жылжуы мүмкін екенін ескертті.



## ЖЫЛЫ ЛЕБІЗІН ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Брисбен турнирінде жеңіске жеткен Елена Рыбакинаға жылы лебізін жолдады. Бұл жайында Президенттің кеңесшісі әрі баспасөз хатшысы Берік Уәли мәлім етті.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев даңқты теннисші, Уимблдон турнирінің чемпионы Елена Рыбакинадан Австралияда өткен беделді жарыстағы сенімді жеңісімен құттықтап, жана белестерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді» деп жазды Берік Уәли Facebook парақшасында.

Еске сала кетейік, бұдан бұрын Елена Рыбакинаның байырғы қарсыласын жеңіп, Брисбен турнирінің жеңімпазы атанғанын жазған болатынбыз.

Осылайша Рыбакина әлемнің үшінші ракеткасы мәртебесін қайтарып алды.

## РОЖДЕСТВО МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің православ христиандарын Рождество мерекесімен құттықтады, деп хабарлайды [almaty-akshamy.kz](http://almaty-akshamy.kz).

«Құрметті отандастар! Қазақстанның барша православие христиандарын Рождество мерекесімен құттықтаймын! Бұл мейрамда жоғары адамгершілік қасиеттер кеңінен дәріптеледі, ізгілік пен әділдікті орнықтыра түсуге басаман беріледі.

Рождество адамзатты жасампаз әрі мейірімді болуға, жақындарына қамқорлық танытуға және мұқтаж адамдарға қол ұшын созуға үндейді, осы дінге сенетін жандарға үміт пен қуаныш сыйлайды» деп атап өткен Мемлекет басшысы.

Оның айтуынша, басқа дәстүрлі діндер секілді православие де мұзғымас рухани құндылықтарды орнықтыру, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беру және халқымыздың сан қырлы тарихи-мәдени мұрасын сақтау жолында маңызды рөл атқарады.

Православие еліміздің дәйекті дамуына қажетті басты шарттың бірі — жалпымұрттық бірлігімізді нығайтуға да ықпал етеді.

«Православиені ұстанатын азаматтарымыз Өділетті Қазақстанды құруға және еңбекқорлыққа, білімпаздыққа, отаншылдыққа, тілектестікке, өзара жауапкершілікке негізделген жаңа қоғамдық этиканы қалыптастыруға елеулі үлес қосалы деп сенемін. Баршаныңға зор денсаулық және бақ-береке тілеймін!» дейді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ЖЫЛУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ҚАЛЫПТЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылорда жылу-электр орталығының» жұмысымен танысты.

Электр және жылу энергиясын өндіру, тарату, жеткізу қызметін жабықтаушы мекеменің негізгі қондырғылары штаттық режимде жұмыс істеуде. Барлық жылу, энергия көздерінің жұмысы сыртқы ауа температурасына қарай бекітілген кестеге сәйкес. Электр энергиясының орташа өнімі сағатына 46,3 МВт, оның ішінде өз қажеттілігіне 6,3 МВт пайдаланады, тұтынушыларға 40 МВт жіберіледі. Жылу энергиясы сағатына 132 Гкал өндіріледі. Аймақ басшысы орталықтың тұрақты әрі қалыптасуы режимде жұмыс істеуін қатаң қадағалауды тапсырды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының еліміздегі жылу-электр орталықтарының жұмысын жандандыру тапсырмасына сәйкес, Қызылордада ЖЭО құрылысы басталды. Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба. Құны 215 млрд теңге болатын орталық 2025 жылы іске қосылмақ.

Жаңа ЖЭО электр энергиясын сырттан сатып алудан арылтып, өндірілген электр энергиясының бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік береді.

## Қ.АССАУИ КӨШЕСІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Осы жылы да аймақ басшысының қолдауымен қалада ауқымды жұмыстар жүргізіледі. Соның бірі – Қожа Ахмет Ясауи көшесі қайта жаңғыртылатын болады. Ұзындығы 3 шақырымға жуықтайтын көше 4 жолаққа ауыстырылады. Жаяу жүргіншілер жолы түсіп, толығымен жарықтандырылады. Жоба құны – 3 млрд теңге. Бұл жұмыстардың басталуына республикалық бюджеттен 300 млн теңге бөлініп отыр. Жоспар бойынша қайта жаңғырту жұмыстары күз айларына дейін аяқталуы тиіс.

Мердігер мекеме – «Қыран» ЖШС бүгінде дайындық шараларын бастап кетті. Маңызы зор жобаның жай-жапсарымен танысқан қала әкімі Асылбек Шаменов компания өкілдеріне құрылысқа қажетті материалдардың сапалы, жасалатын жұмыстардың тиянақты болуын тапсырып, жауапты сала жетекшілеріне күнделікті бақылау жасап отыруды міндеттеді. Айта кету керек, қайта жаңғыртудан өтетін көшенің бойын абағандыруға қосымша жоба әзірленіп жатыр.

## ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫН ПОЛИЦИЯСЫЗ ТІРКЕЙ АЛАДЫ

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтар ұсақ жол-көлік оқиғалары кезінде полицияның және соттың қатысуынсыз жеңілдетілген тәртіпте сақтандыруды рәсімдей алады. Бұл үшін мемлекет «Еуроқаттама» арнайы мобильді қосымшасын әзірледі.

Қосымшаның көмегімен жүргізушілер өздері жол-көлік оқиғалары фактісін тіркеп, сақтандыру компанияларына материалдық залалды өтеуге өтінім береді. «Еуроқаттама» арқылы жол-көлік оқиғаларын рәсімдеудің міндетті үш шарты бар: 1) Жол-көлік оқиғасына екі көлік құралы ғана қатысқан кезде; 2) Жүргізушілердің қолданыстағы сақтандыруы болуы қажет. Сондай-ақ кім кінәлі, ал кім зардап шегуші екенінде келіспеушіліктер болмаған кезде; 3) Апат салдарынан денсаулыққа залал келтірілмесе, ал көлікке келтірілген шығын сомасы 100 айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ол 369 мың теңге. Осындай тәртіпте жол-көлік оқиғасын рәсімдеу үшін мобильді телефонға «Еуроқаттама» қосымшасын қосып алып, тіркелу рәсімін жүргізіп, оқиғаның фото және бейнематериалдарын салу керек. Қосымшаны тиімді пайдалану мақсатында жол-көлік оқиғасының қатысушылары жақын жердегі полиция нарядына жүгіне алады, олар оны пайдалану кезінде көмек көрсетеді. «Еуроқаттаманың» артықшылығы неде? Біріншіден. Азаматтар ұсақ жол-көлік оқиғаларын рәсімдеу үшін полицияны күтпейді, осылайша жолдардағы кептеліс жағдайлары төмендейді. Екіншіден. Жеңілдетілген тәртіппен тіркелген жол-көлік оқиғасы кезінде жүргізушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды. Үшіншіден. Сақтандыру төлемдерінің мерзімі қысқарады. Егер бұрын осының бәрі 30-дан 90 күнге дейін уақытты аласа, қазір хаттама тіркеу сәтінен бастап төлемді алуға шамамен бес күн кетеді. «Жүргізушілерді жол жүрісі қағидаларын сақтауға және жол-көлік оқиғаларын болдырмауға шақырамыз», – деді ҚР ІІМ ӘПК ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Қуаныш Тілекбаев.



## ТЕМІРЖОЛ ҚАҚПАСЫ ҚАЙТА ТҮЛЕУДЕ

Қала әкімі Асылбек Шаменов бүгінгі аралауда қайта жаңғыртудан өткен теміржол вокзалына барды.

Еске салсақ, тарихи ғимаратты қайта жаңғыртуға облыс әкімі бастама көтеріп, «Қазақстан Темір Жолы» компаниясымен келіссөздер жүргізу арқылы 322 млн. теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен 255 млн. теңге қаржы бөлінді.

Жобаға сәйкес, ғимараттың сыртқы бетіне травертин плиталарын монтаждау, шатырын, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандустарды, суағарды, су, көріз және жылу жүйелерін жөндеу, қала жақ бетін көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Ішкі бөлмелеріне жөндеу жасалды. Мұнан бөлек, 2 жолаушылар платформасына жанадан асфальт төселіп, төрт көзді жарық шамдар орнатылды.

Екінші ғимарат та ерекше кейіпке еніп, әкімшілік ғимаратының сырты әрленді, 200 шаршы метр шатыры жөнделді. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен перрон және автотұрақ асфальтталып, жарық шамдар қойылды. Оған қоса вокзал маңындағы нысанның сыртқы қасбеті қапталды. Қазіргі уақытта перрон аумағына брусчатка төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Қала әкімі мердігер мекеменің жұмысшыларына жөндеу шараларын сапалы жүргізу керектігін айтып, вокзал басшылығына күнделікті бақылау жұмыстарын күшейтуді жүктеді.



Бір кем дүние

Күтп...

Қарсыз қысты қарсы алып жатқаны бір бұл жыл емес. Оңтүстіктің қысының осындай жылы болатынына тұрғылықты ел көндіккен. Жаңа жылда ылғи әппақ қарды асыға күтетін тек өзі ғана емес. Терезеге қарап жымияп қояды. Бұл қарды күтсе, басқа біреуі өзінің асқақ арманын күтуде. Өне, анау көрші үйдегі құрбысы ақбоз атты ханзадасын күтетін деп, отыздан асып, қырыққа да жақындап қалыпты. Ал, үнемі тынышсызданып жүретін Балдай әже келін қашан қуанышты жаналық айтады деп, тұңғыш немересін күтіп жүр. Көпқабатты барлық үйге ортақ қара мысықтың өзі «маған қайсы үй сүт беріп, мұртым майланар екен» деп сүйретіліп барады. Күту – зарықтырмасыншы...

Ж.ҚАСЫМ





**Балалар Ұлттық қордан ақша ала бастайды**

2024 жылы «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылды. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл 5 жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі енгізіледі. «Келешек» аясында балаларға арнап ашылған арнайы жинаққа мемлекет тарапынан бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс үстемеленбек. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады. «Ұлттық қор – балаларға» Президент бағдарламасына сәйкес, 2024 жылдан бастап Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ы балалардың арнайы жинақтаушы шотына аударылып тұрады. Бұл ақша байлықты игілігін әрбір отбасы көреді. Бала Ұлттық қордан алған бүкіл қаражаттың көлеміне жасқа толған соң, білім алуға немесе баспана сатып алуға пайдалана алады.

**Арнаулы төлем алады**

Аса ауыр әрі зиянды жұмыс істейтін адамдар, әсіресе кеншілер, шахтерлер, мұнай-газ саласының жұмысшылары көп жылдан бері Үкіметке ерте зейнеткерлікке шығуға мүмкіндік беруді талап етіп келді. Көп тілегені биыл жүзеге аспақ. 2024 жылы зиянды өндірісте істейтін азаматтар үшін «Арнайы әлеуметтік төлем» (АӘТ) енгізілді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпованың айтуынша, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап, 55 жасқа толған және жұмыс берушілері кемінде 7 жыл міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударып тұрған зиянды жұмыстағы еңбеккерлер осы төлемді ала бастайды. Бұл төлем түрі зейнеткерлік жасқа толғанға дейін беріледі. Министрліктің есебінше, биыл арнаулы төлемді 37 мың адам алуы мүмкін. Қойылатын басты шарт – олар ауыр жұмысынан кетіп, әрі қарай еңбек жағдайлары зиянды жұмыспен айналыспауға тиіс. АӘТ көлемі 4 көзден құралады. Біріншіден, оған бюджеттен 2 ең

төменгі күнкөріс деңгейінде арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы аударылады. Екіншіден, жұмыс беруші өз қаражаты есебінде 1 ең төменгі күнкөріс деңгейінде кәсіби төлем қосады. Үшіншіден, сақтандыру ұйымдарынан зейнеталды аннуитет шарты бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінде сақтандыру төлемі бөлінеді. Төртіншіден, БЖЗҚ-ға зейнетақы төлемінен ақы қосылады. Еңбек вице-министрі Назғұл Сағындықованың мәліметінше, АӘТ ай сайынғы сомасы орташа есеппен 208 мың теңгеге жетуі мүмкін.

**Бірыңғай жиынтық төлем жойылды**

Қазақстанда бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) 2019 жылдан бастап енгізілді. Ол «Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар» деген санатты, шындықта келгенде мемлекеттің қамқорлығынсыз, өз күнін өзі көрген, сонымен бірге мемлекетке – салық, оның қатпаған қорларына – жарна мен аударылымдар аудармайтын азаматтарды еңбек нарығының көлеңкесінен шығарып, заңдастыруға бағытталды. Заңдастырылу үшін оларға жеке кәсіпкерлігін тіркеудің қажеті болмайтыны жарияланды. Тек өз бетінше БЖТ төлеп тұрса жеткілікті. Бұл алымның ай сайынғы мөлшері мегаполистерде, облыстық маңызы бар қалаларда тұратын жеке тұлғалар үшін – 1 АЕК-ті (2023 жылғы 3 450 теңгені), ал басқа елді мекендерде, соның ішінде ауылда тұратын жеке тұлғалар үшін – 0,5 АЕК-ті (1 725 теңгені) құрады.

БЖТ құрамында төрт міндетті алым-салық түрі біріктірілді: жеке табыс салығы (ЖТС); Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына арнаулы әлеуметтік аударымдар; БЖЗҚ-ға зейнетақы төлемдері; міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорына аударымдар.

Мемлекеттік кірістер комитеті бытыр БЖТ төлеген 300 мыңдай азаматқа биылдан бастап, жеке кәсіпкер (ИП) ретінде тіркелуді немесе салықты өз бетінше төлеуге кірісуді ұсынды. Жеке кәсіпкер (ЖК) ретінде тіркелгендер өзі таңдаған салық режиміне байланысты салық төлейді. Ал дара кәсіпкерге айналысы келмесе, тапқан табысының 10%-ы мөлшерінде есептеп, жеке табыс салығын төлеуге және жылына бір рет табыс салығы бойынша декларацияны (240.00 формасын) тапсыруға міндетті.

**Ең төменгі жалақы 85 мың**

Ел Әділетті Қазақстан құруға кіріскелі бұқара үшін маңызды бір көрсеткіш қарқынды өсе бастады. Өңгіме ең төменгі жалақы (ЕТЖ) туралы болып отыр. Әйтпесе, 2022 жылға дейін ол атышулы 42 500 теңге мөлшеріне көтерілмей өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап, ЕТЖ 60 мың теңгеге күрт жоғарылатылды. Бытырғы 2023 жылы бұл көрсеткіш 70 мың теңгеге жеткізілді. Ал осы қаңтарда елдегі жалақының ең төмен мөлшері 85 мың теңгеге дейін артып отыр. Нәтижесінде, үш жылда екі есе ұлғайды.

Ведомствоның сендіруінше, бұл басқа жұмыскерлердің жалақысының артуына да серпін береді. Себебі жұмыскердің жалақысы оның біліктілігіне, орындайтын жұмысының күрделілігіне, саны мен сапасына қарай қалыптастырылады. Демек, жұмыс беруші мемлекет талабын орындап, қатардағы, біліктілігі жоқ жұмысшының ғана жалақысын көтерсе, онда ол біліктілігі жоғары маманға тенеісіп қалуы мүмкін. Содан ұйым, компания маманнан айрылып қалмау үшін олардың да жалақысын әрі қарай жоғарылатуға мәжбүр болады.

«Бірінші жекесте ЕТЖ-ның өсуі біліктілігісіз, «жалақысы төмен» жұмыскерлерге әсер етеді. Екіншіден, жалақы деңгейін белгілеу кезінде ЕТЖ көрсеткішін пайдаланатын жұмыс берушілер, сондай-ақ разряд аралық біліктілік жүйесін ескере отырып, қызметкерлердің басқа санаттарының жалақысын қайта қарайтын болады», – деп хабарлады министрлік.

**Жалақы өсуде**

Әділетті Қазақстан еңбеккерлердің жалақысын көтеру бойынша дәйекті шаралар қабылдап жатыр. Мәселен, 2020-2023 жылдары жыл сайын шамамен 600 мың педагогтің жалақысы 25%-ға кезең-кезеңімен арттырылды. Нәтижесінде, олардың жалақысы 2 есе өсті.

2021-2023 жылдар аралығында мемлекеттік мекемелерде және коммуналдық кәсіпорындарда жұмыс істейтін 6 мыңға жуық медицина қызметкерінің, оның ішінде дәрігерлердің жалақысы 30%-ға, орта медициналық персоналдың жалақысы

жыл сайын 20%-ға көтерілді.

2021 жылы әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы 38 мың қызметкердің жалақысын кезең-кезеңімен арттыру басталды, нәтижесінде үш жыл ішінде, 2021-2023 жылдар аралығында олардың жалақысы 2 есеге көбейтті.

2022 жылғы 1 қаңтардан азаматтық қызметшілердің жекелеген санатының, шамамен 600 мың адамның жалақысын 2022-2025 жылдар кезеңінде жыл сайын орта есеппен 20%-ға ұлғайту басталды. Нәтижесінде, 4 жыл ішінде олардың жалақысы 2 есе артады. Жана 2024 жылы мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 28 215 теңгені, зейнетақының ең төмен мөлшері – 57 853 теңгені құрайтын болады. Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 2023 жылғы 3 450 теңгеден 3 692 теңгеге дейін өсті. Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы биыл 43 407 теңге болып белгіленеді.

**Бизнесті тексеруге мораторий аяқталды**

Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту үшін 2020 жылы оларды тексеруге үш жылдық мораторий жарияланды. Оның мерзімі бытыр ұзартылған. Ал биыл доғарылды. Сарапшылардың пікірінше, мемлекеттік бақылау болмағандықтан, өнім сапасы төмендеді, салық төлеуден жалтару жаппай белең алды, біраз бизнес көлеңкеге кетті. Сондықтан бытырғы жыл соңында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуанырұов шағын және орта кәсіпкерлікті тексеруге мораторий ұзартылмайтынын мәлімдеді.

**Білім саласында реформалар басталады**

Таяуда Мәжіліс «Кейбір занапалық актілерге білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қабылдады. Сонда білім саласында тексерістің жаңа түрі енгізілуі мүмкін: арнайы комиссия әрбір мектептің ғимаратын мұқият қарап, оның бала оқытуға қауіпсіздігін тексереді. Бұл балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау үшін қажет. Әйтпесе, соңғы жылдары мектеп төбелерінің құлауы сияқты қауіпті фактілер жиілеп кетті. Сондықтан біраз жыл бойы жұмыс істеп тұрған, ескіре бастаған ғимараттарды тексеріп тұру өте маңызды. Нақтылағанда заң жобасында 30 жылдан көп пайдаланылған мектеп, балабақша мен колледждердің ғимараттарын әр 5 жыл сайын апаттылық қауіпі бойынша тексеру ұсынылды.

Реформа аясында педагогтерді қашықтан оқытып, онлайн университеттерде даярлауға тыйым салу жоспарланған. Бүгінде технологиялардың озық дамуы қашықтан оқыту мүмкіндіктерін кеңейтті, жоғарғы оқу орындары мамандарды онлайн даярлау үрдісіне бой ұрды. Бірақ зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық, медициналық, фармацевтикалық мамандықтар бойынша онлайн білім алудың үлкен қауіпі бар. Сондықтан заң жобасында колледждер мен университеттерде педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша қашықтан білім алуға тыйым салу туралы норма енгізілді.



**ГАЗА СЕКТОРЫ АДАМДАРДЫҢ ӨМІР СҮРУІНЕ ЖАРАМСЫЗ АЙМАҚҚА АЙНАЛДЫ**

Біріккен Ұлттар Ұйымының сарапшыларының мәлімдеуінше өңірде түрлі индеттің жаппай таралу қаупі артқан. Газета секторы әскери қақтығыс салдарынан 3 ай ішінде адамдардың өмір сүруіне жарамсыз аймаққа айналды. Ұйымның мәліметінше, аймақта қарулы қақтығыстан бөлек, түрлі индеттің жаппай таралу қаупі күшейген. Ал ИОНИСЕФ өкілдері Газада азық-түлік тапшылығынан ашаршылық күшейіп, балалар қатты зардап шегіп жатқанын айтып, дабыл қағуда. Бүгінде Газа аумағында медициналық жағдай да нашар. Аймақтағы 36 аурухананың тоғызғы ғана жұмыс істеп тұр. Оның өзінде олардың барлығы өңірдің оңтүстігінде орналасқан.

**КОРОНАВИРУС ТАҒЫ КӨБЕЙІП ЖАТЫР**

ДДСҰ беттерде тағуға шақырды. ДДСҰ басшысы Тедрос Гебрейесус көптеген елде бірнеше апта ішінде наукастар санының артауына мәлімдеді. Әлемдік ұйым көпшілікті беттерде киюге және COVID-19-ға қарсы вакцина алуға шақырды. "COVID-19, тұмау және басқа қоздырғыштар тудыратын респираторлық аурулар саны бірнеше апта ішінде көптеген елде өсті және бұл мерекелерден кейін де артуы мүмкін деген болжам бар", - деп жазды Тедрос Х әлеуметтік желісіндегі парақшасында. Осыған байланысты ол барлығын COVID-19-ке тест тапсыруға және қажет болған жағдайда медициналық көмекке жүгінуге шақырады. «Жұқпалы аурудан сақтану үшін беттерде киіп, қашықтықты сақтаңыз. Өзінші вакцина алыңыз және жақындықтарыңыз COVID-19 пен тұмауға қарсы вакцинацияланғанына көз жеткізіңіз», - деді ДДҰ басшысы.

**УКРАИНАҒА 37 МИЛЛИОН ДОЛЛАР КӨМЕК КӨРСЕТПЕК**

Жапонияның сыртқы істер министрі Йоко Камикава Жапонияның Украинаға ұшқышсыз ұшақтарды анықтау жүйелерімен қамтамасыз ету үшін НАТО қорына 37 миллион доллар (5,3 миллиард иен) бөлетінін хабарлады.

Жергілікті БАҚ-тың жазуынша, Камикаваның Киевке сапары барысында Украинаға қолдау көрсету, елді қалпына келтіру, әділ және тұрақты бейбітшілікке қол жеткізу жолдары, сондай-ақ Украинаға ауқымды энергетикалық құрал-жабдықтарды беру рәсімін өткізу мәселелері талқыланды. Сондай-ақ Украина басшыларымен, оның ішінде президент Владимир Зеленскиймен және премьер-министр Денис Шмигаленмен келіссөздер жоспарланған.

Бұл сапар Камикаваның Жапонияның Сыртқы істер министрі ретіндегі алғашқы сапары және Жапонияның Украинаға халықаралық қолдау көрсетуге белсенді қатысуын жалғастыруда. Бұл сапар Жапонияның жаһандық көмек көрсетілу басендеген кезде Украинаға қолдау көрсетуді жалғастыру ұстанымын көрсетеді.

Жапонияның бұл әрекеті Украинаға қару-жарақ сатуға байланысты НАТО елдеріне бұрын нота жолдап, Украинаға кез келген қару-жарақ жөнелтілуі Ресей үшін заңды нысан ретінде қарастырылатынын айтқан Ресеймен арадағы шиеленіс жағдайында жасалып отыр. Ресей Федерациясы да бұл жағдайда НАТО-ның Украинаға қару-жарақ жеткізуі келіссөздер мен аймақтық жалпы жағдайға кері әсер етеді деген пікір білдірді.

**900 МЫҢНАН АСТАМ СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ**

Өзбекстан Әділет министрлігінің баспасөз қызметі мәлім еткендей, бытыр республика бойынша 968 140 нәресте туған. Оның ішінде 466 563 қыз болса, 501 177 ұл. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 28 360 балаға аз. Ең жоғары туу көрсеткіші Самарқанд облысында тіркелген. Онда өткен жылы 114 446 бала дүниеге келді. Одан кейінгі орында Ферғана (107 602 нәресте), Қашқадария (102 364 нәресте), Андижан (89 680 нәресте) және Сұрхандария (88 603 нәресте) облыстары тұр. 2024 жылдың алғашқы күні Өзбекстанда 1 859 нәресте дүниеге келген. Еске сала кетейік, демографиялық болжамға сай, 2030 жылға қарай Өзбекстан халқының саны 41 миллионнан асуы мүмкін.

**БЕРЛИН ХАЙУАНАТТАР БАҒЫ**

Берлин хайуанаттар бағына дәстүр бойынша жыл басында шыршалар жеткізіліп, хайуанаттар жергілікті кәсіпкерлер сыйға тартқан сатылмай қалған ағаштардан дәм татты. Пілдер мен бұғылар шыршаларды бірнеше минут ішінде толығымен жеп қойған. Хайуанаттар бағының өкілі Венья Эйзенбартттың айтуынша, жұртшылықтан қолданылған шыршалар қабылданбайды. Өйткені оларда ешекпейлдердің қалдықтары болуы мүмкін.

**MICROSOFT ПЕРНЕТАҚТАҒА ЖАҢА БАТЫРМА ҚОСАДЫ**

Америкалық Microsoft компаниясы серіктестері шығарған пернетақталарға Windows 11 жүйесіне енгізілген Copilot жасанды интеллектің негізіндегі чат-ботқа жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ететін арнайы батырма қосады. Бұл туралы компанияның блогында хабарланады. Copilot пернесін енгізу Windows 11 пернетақтасының соңғы отыз жылдағы алғашқы елеулі өзгерісі болады. Бұл адамдарды жасанды интеллектті пайдалануды жеңілдетуге ынталандырмақ.

**РЕКОРДТЫҚ ТӨМЕН ТЕМПЕРАТУРА**

Финляндия XXI ғасырдағы температура рекордын орнатты. Сынап бағанасы минус 44,3 градусқа жетті. Финляндия метеорологиялық институты хабарлауынша, түнгі ең төменгі температура Энтонтекихо әуежайында тіркелген. Елдің оңтүстік және оңтүстік-батысындағы аяз салдарынан 20 мыңға жуық тұтынушы жарықсыз қалды. Сонымен қатар, финдік VR теміржол компаниясының қатты аязға байланысты пойыздарын тоқтатуға 10 мыңға жуық жолаушыға әсер еткен.

**МӘМС**

**2024 ЖЫЛЫ МӘМС ҮШІН ҚАНША ТӨЛЕЙМІЗ?**

МӘМС жарналары мен аударымдары бойынша ставкалар өзгеріссіз қалады. Бірақ базалық есептік көрсеткіштің – ең төменгі жалақының (ЕТЖ) – жаңа мөлшерлерін бекітілуіне байланысты төлем сомалары өзгереді. Сонымен, келесі жылы МӘМС-ке қанша төлейміз? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының болжау басқармасының басшысы Ақтоқжын Сұлтанова төлеушілердің барлық санаттары бойынша түсініктемесі берді.

**ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР – 3%**  
Жұмыс берушілер қызметкер үшін жалақының 3% мөлшерінде аударымдар жүргізеді, бұл ретте салық салынатын ай сайынғы табыс 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауға тиіс, яғни жұмыс берушінің аударымдарының ең жоғары төленетін сомасы айына 25 500 теңгені құрайды.

Бұл қаражат қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, оларды жұмыс беруші кәсіпорнын есебінде төлейді.

**ҚЫЗМЕТКЕРІПЕР – 2%**  
Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарты негізінде қызмет көрсететін жалдамалы жұмыскерлер мен жұмыскерлер МӘМС-ке ай сайынғы табысының 2% мөлшерінде жарна төлейді. Салық салу объектісі барлық жұмыс орындарынан айына 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауы тиіс, яғни қызметкердің жалақысына қарай, төлейтін ең жоғары жарнасы 17 000 теңге болуы мүмкін.

Егер екі жерде жұмыс жасасаны, жарналарды қалай есептеу керек?  
Ақтоқжын Сұлтанова атап өткендей, жарналарды төлеу кезінде шекті табыс барлық жұмыс орындарына қарай ескеріледі. Мысалы, қызметкердің

жалақысы 600 000 теңгені құрайды. Сонымен қатар, АҚС шарты бойынша қызмет көрсетіп, 350 000 теңге жалақы алады. Жалпы табыс 950 000 теңгені құрайды, яғни 10 ЕТЖ-дан асады. Бұл жағдайда қызметкердің бір жұмыс орынын жарналар толық мөлшерде ұстауы керек. Мысалы: 600 000 \* 2% = 12 000 теңге. Ал екінші жұмыс орында ең жоғары төлемнен қалған бөлігі ғана ұсталады: 17 000 теңге (ең жоғары төленетін жарна) – 12 000 теңге (бірінші жұмыс орынан төленген жарна) = 5 000 теңге (екінші жұмыс орынан жарна).

Екінші жұмыс беруші жарна мөлшерін дұрыс есептеуі үшін қызметкер оған аударылған жарналар туралы бірінші жұмыс орынан анықтама беруі керек. Анықтаманы тапсырмаған жағдайда екінші жұмыс орынан жарналар толық мөлшерде ұсталады, яғни артық төленген сома қалыптасады», – деп түсіндірді қор өкілі.

**БІРЫҢҒАЙ ТӨЛЕМ ТӨЛЕУШІЛЕР – 21,5%**

Жалақыдан ұсталатын бірыңғай төлем – бұл бірқатар салық төлемдерін есептеудің стандартты әдісіне балама. Жалақыдан ұсталатын мындай бес төлемді біріктіреді:

- міндетті зейнетақы жарналары;
- әлеуметтік аударымдар;
- МӘМС жарналары;
- МӘМС-ға аударымдар;
- жеке табыс салығы.

Бірыңғай төлемді жеңілдетілген декларация және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық режимі бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкер мен шағын және орта бизнестің заңды тұлғасы пайдалануға рұқсат береді.

2024 жылы бірыңғай төлем мөлшерлемесі еңбекақы төлеу қорының 21,5% құрайды. Бірыңғай төлемді ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-күннен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияның шотына бір төлеммен жүргізіледі.

**ЖЕКЕ КӘСІПКЕРІПЕР – 5 950 ТЕНГЕ**

Жеке кәсіпкерлер 1,4 еселенген ЕТЖ-дан 5% төлейді. 2024 жылы: (1,4 \* 850 000) \* 5% = 5 950 теңге.

Егер жеке кәсіпкер есептілікті «нөлмен» тапсырса, бірақ өз қызметін ресми түрде тоқтатпаса, онда ол Салық кодексі талап еткендей жарналарды төлеуді жалғастыруы керек ек

**ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАН АЗАМАТТАР (БЖТ ТӨЛЕУШІЛЕР)**

Бірыңғай жиынтық төлем кәсіпкерлік қызметті ЖК ретінде тіркеусіз жүзеге асыратын бейресми жұмыспен қамтылған азаматтар үшін уақытша 5 жылға (2019 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін) енгізілді. Тиісінше, келесі жылы БЖТ болмайды. Сондықтан өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мәртебені екі жолмен ала алады:

- жеке кәсіпкер ретінде тіркелу және жарналарды ЖК ретінде төлеу;
- жарналарды дербес төлеуші ретінде төлеу.

**ДЕРБЕС ТӨЛЕУШІЛЕР – 4 250 ТЕНГЕ**

Дербес төлеушілер үшін жарналардың мөлшері мына формула бойынша есептеледі: 5% \* 1 ЕТЖ = 4 250 теңге.

Ақтоқжын Сұлтанова сақтандырылған азаматтар МӘМС жүйесінің қатысушысы болудың ыңғайлы және тиімді тәсілін пайдаланып, жарналарды

адағы 12 айға дербес төлеуші ретінде төлей алатынын еске салды. Бұл жағдайда әр ай үшін төлемді жеке-жеке төлеген жөн. Бұл жағдайда өткен айлардағы қарыздар болса, жойылады.

**МЕМЛЕКЕТ ЖАРНАЛАРЫ – 5853 ТЕНГЕ**

Қазақстандағы МӘМС жүйесі әлеуметтік бағдарланғандықтан, мемлекет 15 жетілдік санатына кіретін азаматтар үшін жарналарды төлеуді жалғастыруда. 2024 жылы мемлекеттің бір азаматқа төленетін жарнасы айына 5852,63 теңгені құрайды (мемлекеттің жарналарын есептеу объектісінің 1,9%, яғни мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ағымдағы қаржы жылының алдындағы екі жылға дейінгі орташа айлық жалақы).

**ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАР ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР, ДЕРБЕС ТӨЛЕУШІЛЕР ЖАРНАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙДІ**

Төлемді екінші деңгейдегі банктің кез келген бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ, Kaspi.kz, HalykBank мобильді қосымшалары арқылы, сонымен бірге Касса 24 және Qiwi әмиян өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы аударуға болады.

- Маңызды:
- төлеушінің ЖСН және ТАӨ дұрыс көрсетуі;
  - төлем жасап, 2-3 жұмыс күннен кейін МӘМС жүйесіндегі мәртебені тексеру, мәртебе берілмесе – төлемдегі деректерді жаңадан тексеру;
  - жеке кәсіпкерлер назарына: салық органдарына есептілікті дайындау және тапсыру;
  - өз қызметкерлерін төлем жасалғаны туралы хабарлау.



## 2024 жылдың 12 белгі үшін жаңалығы көп...

### ТОҚТЫ

Тоқтылар үшін алдағы 2024 жыл жаңару жылы болады. Тоқты жарқырап, өз талантын көрсете алады. Наурызда күннің тұтылуы жаңа куат пен сенімділік әкеледі. Бұл жаңа бастамалар үшін тамаша уақыт. Сәуір танысуға, жеке қарым-қатынасты жақсартуға және неке құруға қолайлы уақыт болады. Бұл ай ақша табуға қолайлы мүмкіндіктер мен күтпеген қаржылық пайда әкеледі. уақыт.

### ТОРПАҚ

2024 жылы планеталардың қолайлы әсері кәсіби салада жаңа мүмкіндіктер ашады. Көктемде ескі жетістіктер мен қалыптасқан байланыстар бизнес пен жұмыста алға жылжуға көмектеседі. Бұл жұлдыздың өкілдері жаңа жобаны жүзеге асыруға кірісе алады. Ақпанның ортасынан сәуір айының соңына дейін Юпитердің қолайлы әсері сәттілік әкеледі және табысыңызды арттыратын жаңа қызықты перспективаларды ашады.

### ЕГІЗДЕР

Алдағы жыл үлкен өзгерістердің, шытырман оқиғалардың және жаңа мүмкіндіктердің жылы болады. Наурыз және сәуір айлары жеке өміріне жаңару әкеледі, жаңа жоспарлар мен достар пайда болады. Бойдақ Егіздердің өміріне кездесулер, жаңа таныстар және жаңа махаббат келуі мүмкін. Шілденің қарашаға дейін жеке тұрғын үйінде осы, даму және сәттілік болады. Жылдың аяғында кедергілерді жеңіп, алға ұмтылуы керек.

### ШАЯН

2024 жылы байланыстар, әлеуметтік орталар кеңейіп, жаңа достар пайда болады. Юпитердің 2023 жылы басталған оң әсері 2024 жылдың бірінші жартысында жалғасады. Қаңтар-мамыр айларында Сәуір мен мамыр - қарым-қатынасқа, достыққа және бірлескен іс-шараларға қолайлы уақыт. Қазан мен қараша қарым-қатынасқа оң өзгерістер әкеліп, жаңа махаббат әкеледі.

### АРЫСТАН

Жұлдыздар 2024 жылы Арыстандарға мансапта өсуге, кәсіби дамуға және табыстың артуына үде етеді. Абырой пен ықпал күшейеді, әлеуметтік мәртебе көтеріледі. Жартыжылдықта мансабыңыз өсіп, жаңа лауазымға ие болуыңыз мүмкін. Екінші жартысына жаңа перспективалар ашылады. Мамыр айында мықты идеялар ықпалды адамдардың қолдауына ие болуы мүмкін.

### БИКЕШ

Алдағы 2024 жыл дүниетанымының кеңеюіне, кәсіби салада даму мен оқуға, жаңа мансаптық перспективаларға әкеледі. Ақпанның ортасынан сәуір айының ортасына дейін қызығушылықтардың кеңеюі, жаңа тәжірибе мен білім алу Бикештерге мансабында алға жылжуға және табыстарын арттыруға мүмкіндіктер ашады. Жылдың екінші жартысында олар еңбегі мен күш-жігері үшін мақтау мен марапаттарға ие болуы мүмкін.

### ТАРАЗЫ

Таразылар материалдық жағдайды жақсарту үшін жаңа мүмкіндіктерге ие болады, бірлескен инвестициялар мен салымдар жақсы пайда әкеледі. Шілденің қыркүйекке дейін Юпитердің қолайлы әсері қаржылық жағдайдың жақсаруына ықпал етеді, несиелерді немесе ипотеканы мақұлдауға болады. Отбасының жалпы әл-ауқаты жақсарыды. Қыркүйек айында Венераның оң әсері махаббат пен жаңа таныстыққа сәтті болады.

### САРЫШАЯН

Жұлдыздар 2024 жылы серіктестік саласына ерекше әсер етеді. Юпитердің бірінші жартыжылдықтағы оң әсері жеке қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі. Бұл белгінің жалғыз өкілдері екінші жартысын тауып, сәтті неке одағын құруға мүмкіндік алады. Іскерлік ынтымақтастық саласында да қолайлы мүмкіндіктер болады. Жаңа пайдалы байланыстар қаржылық жағдайдың жақсаруына ықпал етеді.

### МЕРГЕН

Жылдың бірінші жартыжылдығында Юпитердің оң әсері жалақының өсуімен жұмысты өзгерту, жоғарылауға әкеледі. Болатын өзгерістер оң болады. Материалдық жағдай жақсарыды. Мерген егер бар болса, қарыздарын жаба алады. Сәуір айынан бастап жеке қарым-қатынаста оң өзгерістер болады деп күтуге болады. Белгінің жалғыз өкілдері үшін планеталардың жағымды әсері оның маньызы адаммен кездесуін үде етеді.

### ТАУЕШКІ

Жағымды әсер өмірдің жақсаруы мен жаңа мүмкіндіктерге әкеледі. Бірінші жартыжылдықта жинақталған тәжірибе мен көрсетілген табандылық бизнеске жетістікке жетуге көмектеседі. Наурыз және қазан айларындағы тұтылулар кәсіби қызметке өзгерістер енгізеді. Жұмыста өзгерістер болуы мүмкін - жұмыстан босату, басқа лауазымға ауысу немесе бағытты өзгерту.

### СУҚҮЙГЫШ

Жаңа 2024 жылы сәттілік планетасы Юпитер отбасы мен үй саласына жағымды өзгерістер әкеледі. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға деген ұмтылыс сәтті болады. Жылдың бірінші жартысы-тұрғын үй мәселелерін шешудің сәтті кезеңі: үй, пәтер немесе жер учаскесін сатып алу. Жалпы, өмір сүру жағдайларының жақсаруын күту керек. Сүйкіштігіштар отбасына көбірек уақыт пен көңіл бөледі. Күзде романтикалық күндер күтіп тұр.

### БАЛЫҚ

Жұлдыз жорамалына сәйкес, 2024 жыл балықтар үшін қызығушылықтар мен байланыстардың кеңеюі жылы болады. Ақпанның сәуірге дейін Юпитердің жағымды әсері көптеген қарым-қатынас, жаңа таныстық әкеледі, олар кез келген курстарға бару немесе шет тілін үйрену сияқты тәжірибе жинақтайды. Істерде және қолдауда туыстар маңызды рөл атқара алады.

# 2024 – БАҚЫТ ӘКЕЛЕТІН ЖЫЛ

Ж.ҚАСЫМ

Төрт жылда бір келетін бұл жыл жайында әртүрлі пікір бар. Әлем халқы басқа жылдармен салыстыра қарағанда, осы жылға ерекше көңіл бөліп, үреймен қарайды. Ал кейбіреулер керісінше, дәл осы жылды бақыт әкелетін жыл деп есептейді. Сонымен, кімдікі дұрыс, қайсысы бұрыс? Әлқисса...

Биылғы жылдың ақпан айының үлесі бір күнге артық. Төрт жылда бір рет тәулік санының көп болатынын алғаш рет мысырлықтар ойлап тапқан екен. Кейіннен астрономдар да бұл тұжырымды ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Жер Күнді толық бір айналып шығуы үшін 365 тәулік 5 сағат 48 минут 46 секунд уақыт болады екен. Бұл уақыт үш жылға созылып, төртінші жылда есептелінбей қалған уақыттарды (шамамен 1 тәулік) қосып, жаңа жылдың алдындағы ақпан айының 29-тәулігі деп есептеледі. Сонымен, биылғы қыс мезгілінің соңғы айы – ақпан 29 тәулікпен аяқталып, 366 тәуліктен тұратын 2024 жыл – кібісе жылына жатады. Аспанда бар-жоғы 13 шоқжұлдыз бар, соған сәйкес бір жылда 13 ай болуы керек. Күн аспан күмбезін сол шоқжұлдыздарды басып өтеді. Бірақ байқасаңыз, еуропалықтар бұл санды қырықтық санына балап, көп жерде оны қолданыстан алып тастаған. Сол сияқты аспан күмбезіндегі 13-ші «Жыланбөктерген» аталатын шоқжұлдыз ескерсіз қалған. Мысыр санақшыларының зерттеуі бойынша, бұл артық күннің күнтізбеге қосылуы әр жылдағы тәулік санының тепе-теңдігін сақтайды. Егер бұл күн төрт жылға ал еңбесе, біз тойлап жүрген

жаңа жыл наурыз айына тұспа-тұс келетін еді.

Белгілі болашақты болжаушы Бақыт Жұматова «Биылғы жылы табиғи апаттар да көп болады, әсіресе көп ел мен тұрғын үйлерді су басады. Ал кей елдерде, керісінше құрғақшылық болады. Бастысы, Қазақстанда ондай табиғи апаттар да, соғыс та болмайды. Басқаны білмеймін, мен үшін бастысы – тыныштық, бейбіт өмір. Ұлу жылы әлемде қиын-қыстау сәт болатынын көріп тұрмын», – дейді. Болжам осындай...

Бұл жыл кейбір елдер үшін мүмкіндіктерге толы. Анығырақ айтқанда, Шотландияда, Англияда және Ирландияда 29 ақпан қыздар сүйіктісіне үйлену туралы ұсыныс жасай алатын жалғыз күн болып есептеледі екен. Және жігіттер өзіне айтылған өтініштен бас тартуға құқығы жоқ.

Ұлу жылы – қазақ халқы үшін Дінмұхаммед Қонаев, Қабдеш Жұмаділов, Сайын Мұратбеков сынды біртұар перзенттер дүниеге келген жыл. Ұлу жылы туған саясаткерлер арасында Нұрсұлтан Назарбаев (1940) та бар. Сонымен қатар, тізімді шығыстың шайқы шайыры Омар Хайям (1048) бастаса, атақты



жазушы, детектив жанрының негізін қалаушы Эдгар По (1810), әйгілі калагерлер Льюис Керролл (1832), Дж.Р.Толкин (1892), Иосиф Бродский (1940), Максим Горький (1868) де ұлу жылы туған ұлылар қатарынан. Ал әлемнің жаратылысы мен тысымына көз тіккен философтар арасынан «фашизмнің рухани атасы» Фридрих Ницше (1844), коммунизмнің «көкесі» Фридрих Энгельс (1820), Освальд Шпенглер (1880), Жан-Жак Руссо (1712), әйгілі Иммануил Кант (1724) осы жылы дүниеге келіпті. Саясатқа қатысы барлардың арасында өжет қыз Жанна д'Арк (1412), орыс патшасы Николай II Романов (1868), Америка президенті Авраам Линкольн (1810), Эрнесто Че Гевара (1928), көрші Владимир Путин (1952), Франсуа Миттеран (1916), Эдуард Шеварднадзелерді (1928) атауға болады.

Биылғы кібісе жылына дейін халқымыздың саны әлдеқайда өсті. Сондықтан биыл бала сүюдің еш қауіпі жоқ екенін ескерген жөн.

Ұлу суда жүретін болғандықтан, бұл жылы құрғақшылық болмайды. Жыл тыныштықпен, береке-молшылықпен өткен. Түркі жұрты, оның ішінде қазақтар да ұлу жылы астық, шөп мол болады деп жорамалдаған. Соған қарағанда

Қыс – климаттық жағдайларға байланысты келетін мезгіл. Бұл мезгілдің ең көреметі жауған қарында. Апақ қар әлемді мамық көрпеге орағанда жер жүзі құлпырып сала береді. Дегенмен бұл қардың да, осы мезгілдің де, қар қиыршықтарының да қызықтары бар. Бірге оқиық!

## ҰЛУЛАР ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Ұлулар соқыр және санырау. Олар тек жарық пен қараңғылықты ғана ажыратады. Ал бір-бірімен жанасу арқылы байланысады. Ұлулар орташа есеппен 15 жыл өмір сүреді.

- қолыңыз жағдай кезінде 6 айлық ұйқыға кете алады;
- бір минуттың ішінде 7 сантиметр қашықтықты жүріп өтеді;
- ұрпақ қалдыру үшін серіктес қажет емес;
- өз салмағынан 10 есе ауыр затты тасымалдай алады;
- ұлудың етіндегі ақуыз мөлшері тауықтың жұмыртқасынан көп;
- тістерінің саны кез келген ақудан көп;
- өмірлік тәжірибесіне сүйеніп отырып, шешім қабылдай алады;
- ең үлкен түрі – австралиялық ұлу, салмағы – 40 келі, ал ұзындығы – 30 см-ге дейін жетеді.

Эволюция теориясының негізін қалаушы Чарльз Дарвин ұлулар кез келген жағдайға бейімделе алатын тіршілік формасы екендігін мәлімдеген.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Sovico group» ЖШС-сі «Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Керей, Жәнібек хандар, Бұқар Жырау, №37, №38 кешелерінің қиылысы мекенжайы бойынша орналасқан жапсарлас, жапсарлас-жанастыра салынған үйжайлары мен паркінгері бар көппәтерлі тұрғын үй кешендері, бизнес-орталықтар, сауда-ойын-сауық мақсатындағы объектілер, балабақшалар, жалпы білім беретін мектептер және саябақ аймақтары бар көп пәтерлі тұрғын үй кешендері. 1Е орам». Сыртқы инженерлік желілер» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

«Sovico group» ЖШС-ның мекен-жайы: Астана қ., Қ.Аманжолов к-сі, 26 ғимарат, байланыс телефоны: +7 7172 755197, e-mail: saulesh@mail.ru

ЖК «Сунбеков ЖК» мекен жайы: Астана қ., Жұмабаев к-сі, 5/1, байланыс телефоны: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecorportal.kz>, Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecorportal.kz>, 18 қаңтар мен 24 қаңтар (қоса алғанда) аралығында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ., Қ.Аманжолов к-сі, 26 ғимарат және + 7 771 5012674 телефоны бойынша алуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Sovico group» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Многоквартирные жилые комплексы со встроенными, встроенно-пристроенными помещениями и паркингами, бизнес-центры, объекты торгово-развлекательного назначения, детские сады, общеобразовательные школы и парковая зона, расположенных по адресу: г. Астана, район «Есіл», пересечение улиц Керей, Жәнібек хандар, Бұқар Жырау, № 37, № 38, Квартал 1Е» Наружные инженерные сети» Адрес ТОО «Sovico group»: г.Астана, ул. К.Аманжолова, зд. 26, телефон +7 7172 755197, e-mail: saulesh@mail.ru Адрес ИП «Сунбеков ЖК.»: г. Астана, пр.Жұмабаева 5/1, телефон +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок с 18 по 24 января (включительно) на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz>, Дополнительную информацию можно получить по адресу г. Астана, ул. К.Аманжолова, зд. 26, и по телефону + 7 771 5012674.

## ҚЫС ЖӘНЕ ҚАР ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

1. Мың жылдар бойына жасалған зерттеу нәтижесінде ғалымдарды таң қалдырған жаңалық: жер бетіне жауған әрбір қар қиыршығының ұқсасы да, етгі де жоқ. Тіпті бір-біріне ұқсас екі түйір қар қиыршығы да болмайды екен. Әрбір қиыршық өзіне тән кескінімен ерекшеленді.

2. Білесіз бе, әлемде «Халықаралық қар және мұз кеңесі» бар. Кеңестің зерттеуі бойынша қар қиыршықтары жеті түрге бөлінеді: 1) Жұлдызды қиыршықтар 2) Ине тәрізді 3) Таяқшалар тәрізді 4) Жүзуге арналған аяқ киімнің үлгісіндегі түрі 5) Дендрит кеңестігі 6) Шашыраңқы орналасқан таяқшалар тәрізді 7) Құрлымы әртүрлі қиыршық

3. Эскимостар қар қиыршығын сипаттауда 24 түрлі сөзді пайдаланды. Ал Саамдықтар 41 түрлі сөзбен суреттейді екен.

4. Таудан құлаған қар көшкіні поездың жылдамдығымен бірдей деңгейде көшеді. Ал ірілеу әрі салмағы басым қар көшкіні «Формула-1» жарысындағы көліктердің жылдамдығымен сәйкес.

5. Әлемдегі ең үлкен қар қиыршығын ұстап қана қоймай оны өлшеген. Оның диаметрі 12 см-ді құраған.

6. 1944 жылы 30 сәуірде Мәскеуде ерекше жағдай орын алған. Онда жауған қар қиыршықтарының үлкендігі адамның алақанымен бірдей болған.

7. Қар қиыршықтары «көздетеді». Бұл оның жауған кездегі жылдамдығына туындайтын әуен. Бірақ дыбыс адам баласына естілмейді.

8. Тағы бір қызықты дерек, әлемдегі адамдардың тең жартысы қарды әлі көрмеген.

## БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Аң-құстың, аспан денелерінің қозғалысына қарап жасалған жорамал  
ҚЫСТА:  
\* Қыс қарсыз болса, жаз қуаң болады.  
\* Жер көлкілдеп, ылғал мөлдіесе, жазда жер отты болады.  
\* Дала қарлы болса, жазда жер нәрлі болады.  
\* Алқап қалың қар жамылса, көкейтте көл суға толады.  
\* Екі аралықта қар жауса, көктем жаңбырлы болады.  
\* Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор  
Егиншибаева Анар  
Жақысбекқызы

Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Данияр Сұлтанбеков  
Рысбай Кәрімов

Бас редактор  
Сыдықова  
Жанар  
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы  
Зибаш ӘЛИ  
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:  
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,  
1 қабат 7 кабинет  
Телефон:  
8 777 752 54 63

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана

Индекс 66503

Таспырыс №3

E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru

Электронды нұсқасы:

[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)